"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
0000000 ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN
Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/2970 30.05.2018 ж.

«Қуат-Құрылыс» ЖШС-нің директоры Р.Нурмахановқа

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 2018 жылғы 22 мамырдағы №36 және №37 өтініштеріңізді қарап, келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан ұйымдастырушы «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен жарияланған №2485314-1 «Арканың санды жарық элементтер арқылы композициялық ресімдеуі 10 дана» және №2485323-1 «Көше жарықтандыру жүйесін орнату және қосу» мемлекеттік сатып алуларға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

1. №2485314-1 «Арканың санды жарық элементтер арқылы композициялық ресімдеуі 10 дана» мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында конкурстық комиссия Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағидалар)* 150 тармағының талаптарын сақтамай әлеуетті өнім беруші «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Созақ сәулет» конкурстық өтінімін негізсіз рұқсат беру шешімін қабылдаған. Себебі, бұл әлеуетті өнім беруші жоғарыда аталған жұмысты орындау үшін қажетті машина және механизмдердің тізіміне сәйкес талап етілген «Автопогрузчики 8 т.» - 2 дана техникасын ұсынбағаны анықталды.

Осыған орай, Департамент тарапынан ұйымдастырушы мекемеге камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданғанын хабарлаймыз.

Жоғарыда аталған жұмысты орындау үшін қажетті машина және мехнаизімдер тізмін жобалаушы мекеме тарапынан келісу мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының талаптарында қарастырылмаған. Ал, осы келісілген тізімді әлеуетті өнім беруші тарапынан конкурстық өтінімімен қоса ұсыну мемлекеттік сатып алу нормаларына қайшы келмейді және бұл себеппен әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімін конкурсқа қатысуға рұқсат бермеу қарастырылмаған.

Бұдан басқа, Сіздің арызыңызда көрсетілген екінші сұрақ бойына келесіні мәлімдейміз. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 6 бабына сәйкес әлеуетті өнім берушіге

мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер қарастырылмағандығын хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағидалар)* 85-1 тармағына сәйкес тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі делінген.

Конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасы біліктілігі туралы мәліметінің ескертпесінің 11 тармағына сәйкес растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті.

Осыған орай, әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттаманың талабына сәйкес аталған жұмысты орындау үшін қажетті машина және механизімдерінің болуы міндетті.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент
басшысының орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Орын.Сейдуллаев Е.А.
Тел. 35-00-35 ішкі 117